

ОТАРЛЫҚ КЕЗЕҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Жанар ӘБДІҒАППАРОВА*

Түйіндемесі: Әйел тағдыры қай кезеңде де өзекті болған. Қазақ әйелі ел басына күн туғанда атқа мініп, жауға шауып, даналығымен ел басқарған кездері де болған. Тарихта ондай әйелдердің есімдері де қалған. Бірақ уақыт өте қазақ әйелінің бейнесі өзгерді. Оған себеп халықтың басынан кешірген тарихы және оның әдебиетке тигізген әсері. Біз зерттеу нысанымызға алып отырған XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әйел образы біршама өзгеріске түскенін байқаймыз. Өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінде әйел образын бейнелеген шығармалар көп жазылды.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер әйелдің халіне тікелей әсер еткен. Қазақ даласында жүргізілген отаршылдық саясат, құндылықтардың өзгеруі, білім-ғылымның дамуы, отырықшы өмір салтына көшуі, қала мәдениетінің қалыптасуы – бұлар XX ғасыр басындағы қазақ тұрмысын сипаттайтын басты белгілер. Міне, қоғамдағы осындай өзгерістердің барлығы әдебиетте көрініс тапқан.

Біз зерттеу мақаламызда XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесі қалай өзгергенін, оған себеп болған факторларды сол кезеңде жазылған шығармалар арқылы анықтап, талдау жүргіземіз. Отаршылдық қазақ әйелінің тағдырына, бейнесіне, қоғамдағы рөліне қалай әсер етті деген сауалға жауап іздейміз. Отарлық кезеңде жазылған М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романдарына талдау жасалады. XX ғасыр басында қазақ прозасы жанрлық, тақырыптық, идеялық тұрғыдан жаңа белеске көтеріліп, ұлттық ойлау жүйесінің негізі сақтала отырып, қазақ әйелінің жаңа бейнесі қалыптасқаны сараланады.

Кілт Сөздер: *Қазақ Әйелі, Қазақ Әдебиеті, Проза, Отаршылдық, Әйел Бейнесі*

The Transformation of The Female Image in Kazakh Literature During The Colonial Era

Abstract: The fate of women has always been a relevant topic. Kazakh women had been warriors and wise leaders during times of hardship. History remembers the names of such women. However, over time, the image of the Kazakh woman has changed. These changes were influenced by historical events and their impact on literature. In our study, we focus on the early 20th-century portrayal of women in Kazakh literature, where we observe noticeable transformations in their image. Numerous literary works from the past century have depicted the role of women in society.

The transformations in traditional Kazakh society had a direct impact on women's **well-being**. Colonial policies in the Kazakh steppe, shifting values, advancements in education and science, the transition to a sedentary lifestyle, and the development of urban culture were key factors defining early 20th-century Kazakh **life**. All of these social changes **were reflected** in literature.

In this research article, we analyze how the image of women in early 20th-century Kazakh literature evolved. **Additionally, we identify** the factors that contributed to this shift through an examination of works from that era. We attempt to answer the question: **How did** colonialism influence the fate, representation, and societal role of Kazakh women? We analyze **novels such as** *Bakytsyz Zhamal* by Mirzhakyp Dulatov and *Akbilek* by Zhusipbek Aimaulytov. The study highlights how early 20th-century Kazakh prose underwent thematic, ideological, and genre-based transformations while preserving the core of national thought, ultimately shaping a new image of the Kazakh woman.

Keywords: *Kazakh Woman, Kazakh Literature, Prose, Colonialism, Female Representation*

Кіріспе

Қазақ халқы қыз баланы қадірлеп, төрден орын беріп, аялап өсірген. Қыздың тәрбиесіне де ерекше мән берген. Қыз – сол үйдің аз күнгі қонағы деп қарап, еркелетіп, еркін өсірген. Сондықтан болар, қазақ әйелі ел басына күн туғанда атқа мініп, жауға шауып, даналығымен ел басқарған кездері де болған. Тарихта ондай әйелдердің есімдері де қалған.

«Дала әйелі басқа Шығыс халқының әйелдерінен қатты ерекшеленеді, өйткені олар тәуелсіз және еркін болған. Олар халыққа қатысты күрделі мәселелерді шешуге де қатысқан. Дала әйелі бойына дос әрі серік, ханның кеңесшісі, ру басшысы, шешен және сонымен қатар жауынгер әйел болуды дарытқан. Көшпелі мәдениетте әйел көңіл көтеру

* Назарбаев университетінің ассистент профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

көзі деп қарастырылмаған», - деген ғалымның пікірі ойымызды растайды (Қодар, 2017: 98). Қазақтың ауыз әдебиетінде, батырлар жырында, аңыз-ертегілерде әйелдер ар-ұяттың, адалдықтың, сұлулық пен даналықтың символы ретінде бейнеленеді. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқа, «Алпамыс батырдағы» Гүлбаршын бейнелері ерінің сенімді серігі, ақылды, көреген әйелдері ретінде сипатталады.

Одан бергі шежірелі тарихтағы Домалақ-ана, таңбалы тарихтағы Қасым ханның анасы Жаған-бегім ханым, Абайдың анасы Ұлжан, арғы тарихымызда қаншама алыпты туғызған, есімдері сақталмаған аналар, бергі тарихымызда ел билеген Айғаным мен қол бастаған Бопай – қазақ әйелінің асқақ бейнесі. Рас, қазақ әйелі ел басына күн туғанда атқа мініп, жауға шапқан, ақылымен ел басқарған кездері де болды. Иә, сондай болғаны рас, оған жоғарыда аты аталған аналарымыздың жүріп өткен жолы дәлел. Бірақ уақыт өте келе қазақ қоғамында да әйел бейнесі, қоғамдағы рөлі өзгерді. Оған себеп халықтың басынан кешірген тарихы. Отаршылдық халықтың салт-санасына, таным-түсінігіне, өмір сүру салтына да әсер етті. Әрине қоғамда болып жатқан өзгерістер әйелдің өміріне де әсер етпей қоймады. Ал ол өзгерістер сол ұлттың әдебиетінде де көрініс тапты. Біз зерттеу нысанымызға алып отырған XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әйел образының біршама трансформацияға түскені байқалады.

Зерттеу Әдістері

Зерттеу барысында қазақ тарихындағы әйел бейнесіне шолу жасалып, қазақ қоғамындағы әйелге қатынас, әйелдің қоғамдағы орны гендерлік аспектіде талданады.

Жұмыс барысында негізінен отарлық кезеңдегі қазақ қоғамындағы әйел мәселесіндегі өзгерістер мен оның тарихи дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылады. Сондай-ақ, қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелердің тарихи, саяси сипатын ашу үшін сол кезеңде жазылған көркем мәтіндерге гендерлік ұстаным тұрғысынан сараптама жасалып, контент талдау жүргізіледі.

Зерттеу Материалдары

Мақаламызда отарлық кезең қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін зерттеуді мақсат тұттық. Атап айтсақ, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесі қалай суреттелген, уақыт өте қандай өзгерістерге түсті, оған қандай факторлар әсер етті, әдебиетте қалай көрініс тапты деген сауалдарға жауап ізделеді.

Әдебиеттегі гендерлік проблемаларды зерттеу уақыт талабынан туып отыр. Қазақ қоғамындағы әйелдің рөлі, гендерлік мәселелер әлеументтану, дінтану, тарих, мәдениеттану, педагогика мен психология, лингвистика салалары бойынша зерттеу нысанына алынған, алайда қазақ әдебиетіндегі гендерлік аспект әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Біз зерттеу мақаламызда XX ғасыр басында жазылған Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармалары мен бірге баспасөз бетінде жарияланған публицистикалық мақалалары да назарға алынды.

Сондай-ақ, тарихшы Л.Гумилев (Көне түріктер, 1994), Гейнс А. К. (Собрание литературных трудов. Т.1.-СПб., 1897), Ибн Баттута (Дешті-қыпшаққа саяхат) және осы тақырыпта зерттеу жүргізген О.Х. Мұхатова, К.С. Бижигитова, Ж.Кундакбаева, А.Мустояпова сынды зерттеуші ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Талдау Мен Нәтижелер

Әйел тағдыры қай кезеңде де, қандай қоғамда да назардан тыс қалмаған. Ауыз әдебиеті шығармаларынан бастап, батырлар жыры мен ғашықтық дастандарда, проза жанры қалыптасқан XX ғасырдың басынан бүгінге дейінгі көркем әдеби шығармаларда әйел табиғатын, әйел болмысын бейнелеген туындылар баршылық. Заманның ағымымен бірге адам мінезі де, болмысы да өзгеріске түседі. Қазақ әдебиетінде әйел мәселесі терең

қозғалған тақырыптардың бірі. Өйткені оның ар жағында ұлт тағдыры, ұрпақ мәселесі жатқаны белгілі.

Жалпы түркі халықтарының танымы бойынша әйел – отбасының ұйытқысы, жарығы деп танылған. «Түркілер әйелдерді сал-серілердей қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргенде, әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да апа-қарындастары қалып қойып, оларға ажал қаупі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланды. Түркілерде анасының шыққан тегіне айрықша мән берген, - деп жазады Л.Гумилев (Гумилев, 1994: 103).

Түркі халықтарының әйелдерге қарым-қатынасы туралы жағымды пікірлерді басқа да деректерден кездестіреміз. Мәселен, атақты араб саяхатшысы ибн Батута Дешті Қыпшаққа саяхат атты еңбегінде: Бұл шаһарларда мен көріп таң қалған нәрселерімнің біреуі - түрік халықтарының әйелдерін ерекше құрметтейтін әдеттері еді. Бұл елде әйелдер еркектерден жоғары тұрады. Мен әмірдің әйелдерін Қырым шаһарынан бастап шыққанда бұған көзім жетті», - деп жазған (Батута, 2019). Жоғарыдағы жазбалардан түйгеніміз, жалпы түркі әлемі әйелді ерекше құрметтегенін, жоғары бағалағанын аңғаруға болады. Қазақтар да түркілік танымнан алшақтамайды, қазақ әйелдерінің қоғамда өзіндік орны болғанын көреміз. Қыз-келіншектерге арнап қаншама жыр-дастандар, шығармалар жазылған. Тарихи жер-су атаулары әйел кісінің атымен аталған. Тіпті, бейнелі түрде көкке көтеріп, әйел жаратылысын космогониямен де байланыстыра білген. Бұл нені білдіреді? Әрине әйел жайлы пайымдаулар қазақ дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналғанын дәлелдесе керек. Қазақ даласында әйелдердің қоғамдағы рөлі өткен ғасырлардың өзінде басқа мұсылман елдердегі ахуалмен салыстырғанда біршама прогрессивті, демократиялық талаптарға жақын болғаны байқалады. Қазақ тарихында ақылымен елдің құрметіне бөленіп, ел басқарған әйелдер соның дәлелі. «XIX ғасырдағы Далалық өңірдегі дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын бақылаған еуропалық және ресейлік саяхатшылар, қазақ әйелінің тұрмысы, оның «құлдық» еңбегі және ерлерге тәуелділігі туралы жиі жазды. Дегенмен, авторлар шығыс әйелінің қоғам өміріне етене араласуына, ерлермен тең дәрежеде спортпен айналысуына (ат шаптыру, күрес, садақ ату), айтысқа, ұлттық мерекелерге, ойындарға және т.б. емін-еркін қатысқанына таң қалды» (Мустояпова, 2022: 168).

Дәстүрлі қазақ қоғамында әйелдердің орнын даладағы қалыптасқан ру - тайпалық қатынастар, дәстүрлі шаруашылық, ықылым замандардан негізі қаланған діл, салт-дәстүр, әдет – ғұрып ережелері анықтаған. Қыз баланы болашақ ана, бір әулеттің ұйытқысы ретінде санаған, оларды сыйлап, құрметтеген. Қыздың көрікті болып өсуіне, сәні мен салтанатына ерекше мән берген, ол үшін ештеңе аямаған. Белгілі ғалым, этнограф Х.Арғынбаев былай деп жазады: «Сән - салтанат құруға мүмкіндігі бар ірі байларды былай қойғанда, шаруасы өзіне жетерлік орта қазақ отбасының өзі ең алдымен қыз салтанатына көңіл бөлген. Киімнің асылын қыз бала киетін, алтын күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлер де, өте әдемі және қымбат ер - тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғалар, әдемі сәйгүліктерді парлап жеккен пәуескелер бойжеткенге арналатын» (Арғынбаев, 1979: 84). Расында да қазақ халқы қыздың тәлім тәрбиесі мен қатар оның әсемдігіне де аса назар аударғаны, оның әдемі боп жүруі әулеттің мақтанышы іспетті еді. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында Ақбілектің әкесі Мамырбайдың қызы жайында мынадай суреттеулер кездеседі: "Жат жұрттық бала ғой, бізбен қанша жолдастығы бар? Оң жақта аз күн тайтандап, дәурен сүрсін!" деген бәйбішесінің тілін екі қылмай, Ақбілегін маңдайға шерткен жан емес еді. Оның тана-моншағына, сән-салтанатына дүние аяған жоқ еді» (Аймауытов, 2013: 130).

Қазақ халқының қыздың тәрбиесіне ерекше мән беретінін байқаған, көзімен көргенін жазған орыс ғалымы А.К.Гейнс: «Жены у киргиз приобретаются, как у всех магометан, покупкою, называемою “калым”, поэтому родителям тем выгоднее, чем у них более красивых дочерей и нередко случается, что бедные киргизы при помощи своих дочерей не только поправляли свое состояние, но даже и очень богатели. С этой целью в некоторых киргизских семействах для сохранения красоты девушек вошло в обычай до замужества избавлять их от всех тяжелых работ и хлопот, ... хвалить красавиц считается у киргиз поступком благопристойным, красавицы же, заслужившие общую похвалу, нередко прославляются в степях» деп жазған екен (Гейнс, 1897: 76).

Қазақ халқы қыздың көркі мен қоса ақылы мен парасатына да мән беріп, жастайынан еңбекке баулыған. Қызым саған айтам, келінім, сен тыңда деген қағидамен үй тіршілігіндегі барлық шаруаны атқаруды жастайынан үйреткен.

«Әйелдердің қоғамдағы орны патриархалдық - рулық қатынастарға, ислам дінінің әсеріне байланысты болған. Ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрдің негізінде әйелдердің қоғамдағы рөлі айқындалып, беки түскен» деп жазады тарихшы О. Мұхатова (Мұхатова, 2010: 37).

Расында уақыт өте келе қазақ қоғамында да әйел тағдыры, олардың құқықтары жөнінде мәселелер күрделене түсті. Ресей отаршылдығының әсерінен қазақ даласында мұсылман діні әлсіреді. Далада сауаты төмен дүмше молдалар көбейді. Олар әйелдің орны отбасы-ошақ қасы, әйелге білім алудың қажеті жоқ деген сияқты стереотип түсініктер қалыптастырды. Ол заманда дін халықтың сенімі ғана емес, ол білім көзі еді. Діннің негізгі ішкі мәні жоғалғаннан кейін надандық орын алатыны сөзсіз. Міне осы жайттардың бәрі де қоғамның әйелге қатынасына әсер етті. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар демекші, көнеден келе жатқан қазақтың ескі әдет-ғұрыптарының да әйел тағдырына кері әсер тиді. Бұл жөнінде Міржақып Дулатұлы: «Ескі һүкімет біздің қазақ-қырғызды жүгенсіз етіп, арқасын жауыр, құйрығын шолақ, ерқашты қылса да, һүкімет жаласынан аулақ, өзіміздің сүйекке сіңген ескілікті әдет-ғұрыпымыздан болған үлкен кемшіліктеріміз толып жатыр. Солардың бірі – әйелді кемдікте ұстау» дейді. Автор қазақтың қалың мал беру салтын сынайды. Қыз бала сол қалың малдың құрбаны болып жатқанына да жаны ауырады («...Қазақ әйелдері мал есебінде көрінуінде шек жоқ», - деп ашына жазады алаш арысы (Дулатұлы, 2013: 32). Сондықтан да Міржақып Дулатұлы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш романын да осы әйел мәселесі тақырыбына арнайды. Жазушының қаламынан туған қазақтың тұңғыш романы «Бақытсыз Жамал» (1910) сол замандағы қазақ ауылының әлеуметтік құрылысын, тұрмыс-тіршілігін шынайы суреттеп, әйел бостандығы, оның азаматтық құқықтары мен теңдігі мәселелерін көтереді. Қазақ әдебиеті тарихындағы алғашқы романның дәл осы тақырыпқа арналып жазылуы сол заманда бұл мәселенің күн тәртібіндегі аса өзекті болғанын аңғартса керек. Сөз басы деп аталатын романның кіріспесінде автор – «Мақсаты романның – халық түзетпек, Жазылған еріккеннен ертегі емес», - (Дулатұлы, 2003: 5) деп романның басты идеялық мақсатын анық көрсетеді. Жазушы Міржақып Дулатұлы шығарма арқылы қарапайым халықтың надандық шырмауында қалғанын, оқу-білімді аса қажеті етпейтінін, соның нәтижесінде қоғамда ақылға қонымсыз жайттардың орын алып жатқандығын сынайды. Шығармада құдайдан тілеп алған Жамал қыздың тағдырын әкесі Сәрсенбай өзінің мансапқа қол жеткізу үшін құрбан еткені баяндалады. Билікке қол жеткізу үшін атақты әрі ықпалды бай Байжанмен құдаласуды көздеп, қызына тең емес, ақылсыз таз Жұманға Жамалды атастырды. Қалың малын алды. Шығарманың соңы өзінің сүйгені Ғалимен қосыла алмай арманда кеткен Жамал қыздың топас күйеуі Жұманның қорлығына шыдай алмай, жапан далада декабрьдің рақымсыз боранды түнінде жан тәсілім болуымен аяқталады.

Шығармада бақытсыз қыздың трагедиясын автор қазақ даласындағы әлеуметтік мәселе дәрежесінде көтеріп отыр. Жамалдың басынан өткен хикая арқылы қазақ қыздарының бас бостандығы, жастардың өз қалауымен өмір сүру қажеттігі жайлы өз ойын анық көрсетеді. Міржақып үшін әйелдің бас еркіндігі болуы, өзі қалаған адамымен тұрмыс құрып, өмір сүруіне мүмкіндік алуы ең басты мәселе болатын. Әйелдің құқығын шектеп, арын аяққа таптайтын ескі әдет-ғұрыпқа жан-тәнімен қарсы шықты.

Романда суреттелген ауыл өмірі, тұрмыс-тіршілігі, әртүрлі көзқарастағы әлеуметтік топтар, олардың қарым-қатынастары, жекелеген адамдардың таным-түсініктеріндегі қарама-қайшылықтар, ескі көзқарастарға шырмалған адамдардың талқысына түскен Жамал мен Ғалидың махаббаты, еркіндікке жету үшін жасаған ұмтылыстары романда барынша шынайы суреттеледі. Өкінішке орай ескішіл көзқарастағылар басым түсіп, оқиға трагедиямен аяқталады. Дегенмен білім алумен біршама көзі ашылған Жамал мен көзі ашық Ғали махаббаттары үшін соңына дейін күресе білді. Бұл романның жаңалығы деуге болады. Сол кездегі еркінен тыс атастырылған көптеген қазақ қыздары секілді Жамал «тағдырына мойынұсынған» жоқ. Романдағы Ғали – сол кезеңдегі оқыған, мәдениетті жастардың типтік бейнесі ретінде суреттеледі. Екі ғашық махаббаты мен бас бостандықтары үшін соңына дейін күресті. Алайда басым күш қарсы жақта еді.

Романда сол кезеңдегі адамдардың таным –түсінігі олардың санасындағы қақтығыстар да анық көрінеді. Мәселен, романдағы Байжан бай, оның баласы Жұман, Жамалдың әкесі Сәрсенбай, үлкен анасы Қалампыр — ескішіл сананың адамдары. Оларға адамгершіліктен гөрі байлық, атақ пен мансап құндырақ болды.

Міржақып Дулатұлы қазақ әдебиетінде гендерлік мәселелерді көп көтерген қаламгердің бірі. Публицистикалық еңбектерінде де әйел мәселесін жиі көтерді. Жалпы әйелдердің құқығын қорғау мәселелерін алаш арыстары өз кезеңінде ұдайы көтеріп отырды. Өйткені ұлт азаттығын аңсаған зиялылар әйелдің басы азат, еркін болуы керек, еркін ойлы әйелден санасы азат ұрпақ туады деп сенді. Сол үшін әйелдің бас бостандығы үшін өз кезеңінде күресті.

Қазақ әдебиетінде XX ғасыр басындағы әйел мәселесі тақырыбында жазылған көркем шығармалардан бүгінгі қазақ әдебиетіне дейінгі әдеби процесті бағамдасақ, қазақ әйелінің түрлі образдары қалыптасқанын көруге болады. Әдебиет – сол дәуірдің айнасы десек, көркем туындылар арқылы әр кезеңдердегі әйел болмысының, танымының өзгерісін де тануға болады.

Қазақ қоғамында әйел теңдігі мәселесі қаламгерлердің шығармаларына арқау болып, әлеуметтік өмірдің шындығы ретінде әдебиетте көрініс тауып, өркендей бастаған кезең жаңа қоғамдық формацияның келуімен байланысты болғаны белгілі.

Бір кездерде ерінің сенімді серігі, ақылшысы болған қазақ әйелі уақыт өте келе қадірі түсе бастағаны, адами қасиеттері бағалана бермегені шындық. Оқыған ұлт зиялылары әйелдің осы халіне алаңдап, шығармаларында мұндай жағдайларды қатаң сынға алған. Осы кезеңде яғни XX ғасыр басында ұлттың санасын оятатын шығармалар, әйел образын жаңа қырынан бейнелеген көркем туындылар дүниеге келді.

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», С. Торайғыровтың «Қамар сұлуы», М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», С. Көбеевтің «Қалың малы», Ж. Аймауытовтың «Ақбілегі» отарлық кезеңдегі әйел тағдыры мен оның нәзік болмысы әр қырынан бейнеленген шығармалар. Бұл шығармалардың қай-қайсысы да қазақ қыздарына қорған болу мұратынан, әділетсіз, қиянатшыл үкімет пен қоғамдық қатынастарды әшкерелеу мақсатынан туындаған өзектілігі жоғалмайтын шығармалар. Бір қарағанда әйел мәселесіне арналған тақырыптас шығармалар сияқты көрінгенімен, әр туындының өзіндік айтар ойы, көтерген мәселесі әрқилы. Әйелдің тағдырын, ішкі сезімін, жан күйзелісін жеткізуде бірін-бірі қайталамайды, әйел бейнесі әр қырынан ашыла түсті. Бұл

шығармаларда қаламгерлердің өзіндік идеясы, жаңашылдығы байқалады. Әйел бейнесі түрлі қырынан сипатталды. Жазушылардың көркемдік ізденістерінің нәтижесінде қазақ прозасына жаңа тақырып, тың идея, соны мінездер келіп, арнасы кеңейді.

Жазушы, алаш арысы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы сондай ізденістен туған ерекше шығарма. Роман 1927 жылы жазылып, сол жылы «Әйел теңдігі» журналында жарияланды. Бұл роман қазақ әдебиетіндегі тұңғыш психологиялық роман деп танылды. Романда отаршылдық кезеңдегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік, саяси – мәдени өзгерістердің себебінен туындаған әлсіз адамдардың, оның ішінде әйелдер мен балалардың зорлық көруі, жеке бас мүддесі үшін жасаған сатқындықтар, халықтың құқығының тапталуы, надандық, білімсіздік, жуанның әлсізге қиянаты секілді рухани әлеуметтік дағдарыстарды көре аламыз.

Романда автор адам мінездерінің галереясын жасаған, психологизм формаларын кеңінен қолданған. Ж.Аймауытов тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Психология» еңбегінің авторы екені де баршаға аян. Сондықтан болар адам жанының терең иірімдерін шығармада да кеңінен ашады.

Роман оқиғасына азамат соғысы кезі яғни 1918-1920 жылдар аралығы арқау болған. Тарихи деректерге сүйенсек, 1916 жылы басталған ұлт-азаттық көтерілістен бастап, патшаның қаруланған әскері қазақ ауылдарын тонауды, басып-жаншуды қалыпты жағдайға айналдырғандай көрінеді. Бұл әрекет азамат соғысы жылдарында тіптен күшейіп кеткен секілді. Жазушы Ж.Аймауытов өзінің «Ақбілек» романында басты оқиға ретінде осы кезеңді суреттейді. Отарлық кезеңдегі ақ әскерлерінің халықты басып жаншығаны, рухы сынған халықтың аянышты халін көрсетсе, қызын ұрлап, абыройын ойрандағаны сол кездегі қыздардың қорғансыздығын айғақтайды.

Романдағы бас кейіпкер Мамырбайдың көзінің қарашығы ақылына көркі сай ару қызы Ақбілек. «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп...» - (Аймауытов, 2013, 89) деп суреттейді автор қыз бейнесін.

Екі кештің ортасында орыс әскері ауылға келіп, Ақбілекті ұрлап алып қашқанда қызға араша түскен бірде бір азамат болмады. Өйткені қаруланған орыс әскерлері бұған дейін де ауылды тонап, малын алып, қызын ұрлап, адамын атып кеткен. Сондықтан артық қимыл жасауға қорқып, қорлығына шыдап баққан көнбіс халді адамдардың шарасыз бейнесін көресің. Ақбілекті ұрлап кетерде араша түскен жалғыз жан оның анасы болды. Қызын орыстарға бермей алысқаны үшін оны да атып кетті. Оп-оңай ата салды. Сұраусыз, айыпсыз ата салды да, кете берді. Қызын қорғаштап, қарулы орыс әскеріне қарсылық танытып, жанын құрбан еткен Ақбілектің анасы, байдың бәйбішесі қазақ әйелінің, қазақ анасының қаһарман бейнесі екені анық. Ақбілектің басына түскен бұл қасірет сол кезеңдегі қорғансыз қазақ әйелдеріне ортақ қиыншылық еді.

Он бес жасар Ақбілектің ары тапталып, елге келгенде ауыл адамдарының оған көрсеткен психологиялық қысымы оның жанын одан да қатты жаралады. Ақбілектің «Осы арам деміммен, арам аузыммен әкемнің иманды жүзіне қалай жақындармын, қайтіп оны да арамдармын? Құдайдан қорықпай, оның құтты қадам мешіттей үйіне қалай кірермін?» - деген сөздерінен қазақ дүниетанымында қыздың ары мен абыройы сақталу керек құндылық екенін аңғартады. Ешқандай жазығы болмаса да, басына түскен бұл қасірет өзінің еркінен тыс, жат қолдардың күшімен жасалып отырғанын білсе де Ақбілектің өзі де бұл жағдайға көндіге алмайтынын аңғартса, ауыл адамдары мұны көзге шыққан сүйелдей түртпектейді. Мұндай жағдайда қараңғылық шырмауында қалған қатыгез қоғам жазықсыз болса да, әйелді жазғырушылардың басым екенін ашына сипаттайды автор. Бір кезде елдің аузында жүрген Ақбілек басына түскен мына жағдайдан кейін қатегез қоғамның стереотиптерінің құрбаны болды.

Ақбілекті осы қараңғылықтан құтқарған білім еді. Ақбілек қараңғылық торлаған қоғамға қарсы жүріп, қалаға келіп, оқуға барып, білім алды. Білім алу арқылы көкірек көзі ашылды, санасы оянды. Тағдырдың небір бұралаңынан өткен өжет қыз өзі сияқты оқыған көзі ашық адаммен көңіл қосып, өмірін жаңа арнаға бұрды. Осы тұрғыдан қарағанда Ақбілек жалпы қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің жаңа бейнесі деп айта аламыз. Бұған дейінгі әйел тақырыбында жазылған шығармаларда тағдырына мойынұсынған қыздар бейнесі сипатталса, Ақбілек қазақ әйеліне тән төзімділікпен алдында тұрған қиындықтарды жеңіп, бақытты өмірге қол жеткізген қазақ әйелі. Оның сыртқы бейнесі де, киім киюі де, өмірге көзқарастары да, сана сезімі де өзгерген жаңа заман қазақ әйелі ретінде көрінеді.

Шығармада «Ақбілектің «жүрегін жуып тазартқан алтын леген – аяулы жаны, Қаратаудай қайратты, ай мен күндей ғылым еді» деп суреттеледі. Ақбілектің білім алуы арқылы өз теңіне қосылып, бақытты ғұмырға қол жеткізуі жаңа заман жетістігі деуге болады. Иә, қай заманда да білімдінің күні жарық екенін, қазақ әйелі де білім алып, қоғамда өзіндік орнын табуға болатынын айтқысы келеді автор.

Қорытынды

Әйелдерді жаңа өмір салтына шақыру үшін ауыл-аймақтарда арнайы кеңестер құрылып, ағартушылық жұмыстар атқарылды. Жаңа заман туғанын, азаматтық, құқықтық қоғамның белең алып келе жатқанын алаш қайраткерлері көркем шығармалары арқылы насихаттады. Бұған дейінгі әдеби шығармалардағы әйел бейнесі момын, нәзік, отбасы ошақ қасынан аспайтын жан ретінде суреттелген болса, алаш қайраткерлері жасаған «гендерлік революциядан» кейін бұл образдар жаңаше бейнеге енді, әйел образдары жаңа қырынан таныла түсті. Жүсіпбек Аймауытовтың Ақбілек бейнесі соның дәлелі. Ақбілек тағдыр талқысына түсіп, әділетсіздікке тап болса да, оған мойымай, ескі ұстанымдарға, өмірлік қиындықтарға қарсы тұрды. Азаттық пен теңдікке ұмтылған қазақ қызы ерен еңбектерінің нәтижесінде көкірегі ояу, білім нәрін сусындап, санасы жетілген қуатты әйелге айналады. Автор осы арқылы қазақ қыздарын еркіндікке, азаматтық құқықтарын қорғауға, білім алып, саналы болуға жетелесе, олардың ата-аналарына жаңа заманның туғанын, ендігі ескі әдет-ғұрыптың жақсылық әкелмейтінін, құқықтың қорғалуы заңмен белгіленгенін аңғартқысы келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Қодар З. М. Философия ғылымындағы гендерлік мәселелер. Семей: «Зияткер», 2017. – 98 б.
- Гумилев Л. Көне түріктер. Алматы, Білім. 1994. 480 б.
- Ибн Баттута Дешті-қыпшаққа саяхат (1330-миләді жылы, 730-хиджа жылы). <https://bilim-all.kz/article/9301-Ibn-Battuta-deshti-qypshaqqa-sayahat-1330-miladi-zhyly-730-hizhra-zhyly>
- Мустояпова А. Бұғауды бұзған қазақ даласы. Алматы, AmalBooks, 2022. 268 б.
- Аргынбаев Х. А. Семья и быт казахского народа. Алма-Ата, Наука, 1979. 84 б.
- Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Романдар. Құраст. Н.Қуантаев, Алматы, «Ел-шежіре», 2013. Т. 2: 384 б.
- Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Т.1. -СПб., 1897.-76 б.
- Мұхатова О.Х. Қазақ қоғамындағы әйел – ананың орны мен рөлі. Вестник ПГУ №2, 2010. Серия Гуманитарная, 31-37 бб.
- Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы, 3 том. Алматы, Мектеп, 2013. 400 б. //Әйел теңдігі. Ақжол., 19 январь, 1921 №16.
- Дулатұлы М. Оян қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. Алматы, Атамұра. 2003. 192 б.

АЛҒЫС АЙТУ

Осы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік берген Назарбаев Университетіне алғыс білдіреміз. Жоба демеушісі туралы сілтеме: 040225FD4711